

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

КӘМЕЛЕТТІК ЖАСҚА ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**Орманбек Дарын Ерғалиұлы**daryn.ormanbek@yandex.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультетінің 3 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші-Е.К.Даурембеков

Кәмелетке толмағандардың арасындағы қылмыстары қашанда қоғамға, ел болашағына мемлекетке қауіп төндіруі рас. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев кәмелетке жасы толмағандар қолымен жүзеге асатын қылмыстармен күрес мәселесіне көп көңіл бөліп, оның алдын алу жөнінде үнемі құқыққорғау органдарының қызметкерлеріне нұсқау беріп, оның орындалуын назарында ұстайтыны белгілі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев жастар арасындағы қылмыстылығының маңыздылығын айта отырып ескертеді: “Жасөспірімдер қылмыстылығын азайту туралы біз көп айтамыз, бірақ аз жұмыс істейміз. Бос уақыттың алдын алу, ұйымдастырумен ешкім айналыспайды. Республикада жасалатын әрбір оныншы қылмысты жасөспірімдер жасайды, олардың жартысы қылмыстық топтардың қатарында”[1,30б.]. Шынында да, қоғамымыздың өркеніетті ел қатарына қосылып, өркендей беруі болашақтың үлесінде. Ал, осы болашақ тағдыры бүгінгі бала, ертеңгі жастың қолында десек, артық болмас.

2015 жылы 1 қаңтардан бастап күшіне енген ҚР Қылмыстық кодексте қылмыстық жауапкершілік жасын жалпы қылмыстар үшін 16 жастан, ал ауыр, аса ауыр қылмыстар үшін 14 жастан белгіленген. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің 2-тарауында отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар үшін жауапкершілікті қарастыратын нормалар жинақталған [2]. Осы тектес қылмыстық құқықтық нормалар үшін жеке тараудың ажыратылуы бұл бағыттағы қылмыстық құқықтық күрестің маңыздылығын көрсетеді. Мұндай жағдай Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне, халықаралық құқық нормалары мен қағидаларына сәйкес келеді деуге болады. Ата-заңымыздың 27-бабында атап көрсетілгендей, «отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады; балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы» - делінген [3]. Бұл қағидалар халықаралық құқықтың осы мәселелердегі негізгі ережелеріне сәйкестендірілген. Атап айтқанда, адам құқығы жөніндегі 1948 жылғы Жалпыға бірдей Декларацияда, Азаматтық және саяси құқықтар туралы 1966 жылғы Халықаралық пактіде отбасы қоғамның табиғи негізгі ұясы және ол мемлекет пен қоғам тарапынан қорғау құқығына ие деп белгіленген. 1989 жылы 20 қарашада қабылданған «Бала құқықтары жөніндегі» конвенцияда да балалардың азаматтық және саяси-әлеуметтік арының қорғалуына ерекше мән берілген. Қазақстан Республикасы да отбасы және кәмелетке толмағандар жөніндегі халықаралық құқық нормаларын қастерлей отырып, осы мәселелерге байланысты пайда болатын қоғамдық қатынастарды қылмыстық-құқықтық жолмен қорғауға ерекше мән береді. Негізінен алғанда, құқыққа қарсы әрекет жасаған жасөспірім Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауап береді. Кәмелетке толмағандардың қылмыс жасағандығы үшін жауапкершіліктің ерекшелігі – іске асыру мүмкіндігі болып не қылмыстық жауапкершіліктен тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану не қылмыстық жауапкершілікке тарту арқылы жүзеге асады.

Кәмелетке толмағандардың арасында криминалды белсенділік тұрақты түрде жоғары және жасөспірімдер қылмыстылығы қауіп тудырады.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылық үлесі шамамен 7-8 пайызды құрайды. Осы жерде көріп отырғанымыз, қылмыстар көп жағдайда көбінесе үлкен жастағы жасөспірімдермен жасалады. Ол бұл жастық санаттағы субъектілердің келесі ерекшеліктерімен түсіндіріледі:

- неғұрлым белсенді өзін-өзі қоюға икемділік;

- бірқатар жағдайларда тәртіпті дұрыс бағалай алмауға және өзге тұлғалардың әрекеттерін белсенді ұғуға қабілеттің болмауы;
- даулы жағдайдан дұрыс шыға алмау.

16 жасқа толған жасөспірімдердің дәл осы ерекшеліктері әдетте оларды сәтсіз қоршаған орта әсеріне тәуелді етеді.

Алайда соңғы кезде Қазақстанда жүріп жатқан жасөспірімдер қылмыстылығының жасаруы үрдісі аландаушылық тудырады. 14 пен 15 жас аралықтарындағы қылмыс жасаған тұлғалар саны жылдан жылға елдің барлық аумағында өсіп жатыр.

Құқықтық статистика және ақпарат орталығының мәліметтеріне жүгінсек, Мысалы 2012 жылы Қызылорда облысы бойынша жасөспірімдер аралығындағы 232 қылмыс тіркелген, ал 2011 жылы 290 қылмыс тіркелген.

Жасөспірімдермен жыл ішінде жасалынған қылмыстың түріне қарай жіктесек, оның 3 кісі өлімі, 2 денеге ауыр жарақат салу, 4 әйел зорлау, 16 қарақшылық, 15 тонау деректері болып тіркелуі сырт адамды таң қалдырып қана қоймай, шошындырар да еді. Соның ішінде жасөспірімдермен 190 рет топ болып қылмыс жасалғанына ой жүгірте отырып, мәселенің айналдырған 10 жылдан астам уақыт ішінде тым күрделі сипат алып отырғандығын көңілге түйесің. Бұл тек қана Қызылорда облысындағы қалыптасқан жағдай ғана емес, ол көп қала мен облыстарда кездеседі. Ал кәмелетке толмағандармен жасалынған қылмыс деңгейінің республикамыз бойынша бұдан әлденеше есе жоғары.

Жастар арасындағы криминогендік ахуал жылдан жылға нашарлауда. Олар жасаған қылмыстардың 80% ауыр және аса ауыр қылмыстарға жатады. Кәмелетке толмағандардың өздері жасаған немесе олардың қатысуымен жасалған кісі өлтіру, тонау, ұрлау сияқты қылмыстар саны жылдан – жылға көбеюде. Кәмелетке толмағандардың құқықтық санасының төмендігі, олар тап болған жағдайдың қиындығы қалай да қылмыстық әрекеттің жасалуына себеп болады. Бұл қылмыстылықтың статистикасы жалпы қоғамдағы, әсіресе жастар ортасындағы әлеуметтік өмірдің айнасы іспетті. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының жайы, бір жағынан, қоғамда қалыптасқан криминалдық ахуалды көрсетеді, екінші жағынан – қоғам мен құқықорғау органдарының қылмыстылықпен күрестегі қабілетін сипаттайды. Мысалы, мемлекеттің қылмыстық саясатқа және жазалау практикасына өзгеріс енгізуіне байланысты кәмелетке толмағандар қылмыстылығының сандық сипаттамасы да өзгерді. Кәмелетке толмағандар қоғамдағы оң, теріс өзгерістерге ересектерден жылдам көңіл аударады, оны қылмыстылық динамикасынан көруге болады, онда белгілі бір тербеліс байқалады, оны «толқын сияқты қозғалыс» деп атайды. Мысалы, криминологиялық зерттеулер нәтижесі көрсетіп отырғандай кәмелетке толмағандар қылмыстылығы 1993 жылға дейін өскен, содан соң ол абсолюттік көрсеткіші бойынша да, коэффициент бойынша да төмендей бастаған. Реформа жылдары оның динамикасының шарықтау шыңы әлеуметтік – экономикалық тұрғыдан ең қиын кезең – 1993 жылға келді. Одан кейінгі төрт жыл бойы, (1994-1997 жылдар) Қазақстанда кәмелетке толмағандар қылмыстылығының біршама төмендеп тұрақтағандығы байқалды. Бірақ 1998-1999 жылдары кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстар саны қайта өсе бастады, 2000-2002 жылдары қайтадан төмендеп, 2003-2005 жылдары қайтадан өсті. Алматы облысындағы кәмелетке толмағандар қылмыстылығының 2002-2005 жылдарғы статистикалық мәліметтеріне жасалған талдама мұндай қылмыстардың Алматы өңірінде етек алғандығын, олардың жалпы қылмыстар ішіндегі үлесі 10,5% екендігін көрсетті (жалпы Қазақстандық көрсеткіш - 9%) [4, 306.]. Кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстар саны біршама азайғанмен ондай қылмыстылықты сылтауының нашарлауымен байланысты бірқатар теріс өзгерістердің пайда болғандығын атамауға болмайды, бұрындары оларға тән емес қылмыстарға қатыса бастады – аманат басып алуға, бопсалауға, заңсыз бостандықтан айыруға, қару қолдануға, есірткі заттарының заңсыз айналымына және басқаларға. Олардың ішімдікке, есірткі заттарын қолданып мас күйде қылмыс жасауы көбейді. Айта кететін бір жағдай – кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы жоғары латенттік сипаты бар. Егер жалпы қылмыстылықтың жайы мен даму үрдісін жыл сайын тіркелген қылмыстардың санымен анықтаса, кәмелетке толмағандардың қылмыстылығын тек ашылған қылмыстар бойынша анықтаймыз, ал қылмыстардың 30%-ы ашылмай қалады, олар статистикалық мәліметте көрініс

таппайды. К.К. Горяинов латенттіктің есептік деңгейін 70%-ға теңейді. Басқа зерттеушілер пікірінше, қылмыстардың түрлері бойынша 40%-дан 95%-ға дейін қылмыстар тіркелмей қалады екен [5,286.].

Соңғы уақыттар үлкен көңіл ювеналдық юстиция мәселелеріне бөлінеді. «Ювеналдық юстиция» түсінігі барлық әлемде оның негізгі буыны – жасөспірімдер істері бойынша сотпен байланыстырылады. Ювеналды криминология ерекшелігі келесіде – зерттелетін жасөспірімдер белгілерінің және оларға қатысты мән-жайлар кешені ересектер қылмыстылығына қарағанда неғұрлым кең болып табылады.

Тәжірибе қызметкерлері мен ғалымдар кәмелетке толмаған істері бойынша арнайы мамандырылған соттар құру қажеттілігін айтты. Ондай соттар көптеген елдерде қызмет етіп жатыр (Жапония, Франция, Польша және т.с.с.), ол балалар мен жеткіншектердің құқықтарын қорғау, жасөспірімдер қылмыстылығының мәселелерін неғұрлым кешенді шешуге мүмкіндік береді. Қазақстанда да осындай соттар 2010 жылдан жұмыс жасап жатыр.

Қазіргі кезде кәмелетке толмағандар қылмыстылығымен күреске әртүрлі мемлекеттік институттар жұмылдырылған. Олардың қызметіндегі басты бағыттарға мыналар жатады:

Әлеуметтік сақтандыру – елдегі саяси және әлеуметтік жағдайды тұрақтандыру, ресми және жасырын жұмыссыздықты азайту, әлеуметтік салаға бөлінетін қаражатты көбейту, заңдарды түсіндіру.

Заңнамалық, әкімшілік және әлеуметтік тәжірибенің талдауы, жастар саясаты мен жасөспірімдер арасындағы әкімшілік теріс қылықтар мен қылмыскерді ескертудегі әдістер, БҰҰ халықаралық құжаттарында қорытындаланған соттық және әкімшілік тәжірибеде өзінің шынайы көрінісін тапқан белгілі бір концепцияларға негізделеді.

Қылмыстарды болдырмау және баланың дамуына және оның басқаға зиян жасамауы үшін баланы тәртібі үшін жазалауда, БҰҰ мемлекетті жасөспірімдер арасындағы қылмыстылықты ескертудің прогрессивті саясатын жүргізуге бағыттайды. Заң әдебиетінде қылмыстылықты ескертудің келесі деңгейлері қарастырылады:

- әлеуметтік оқшауландыру деңгейі – қылмыстық ниеттің себептерін зерттеу мен оның жүзеге асырылуын болдырмау;
- жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделу деңгейі – қылмыстық ниеттің себептерін зерттеу мен оның пайда болуын алдын алу;
- қоғамдық деңгей – өнегесіз тұлғалардың қалыптасу себептерін зерттеу мен оларды болдырмау.

Қандай салада болса да, кәмелетке толмағандардың соңғы жылдары жасалған қылмыстары пайдақорлық жаққа қарай ығысқан. Басқа сылтаулар (өш алу, кектесу, көре алмау және т.б.) жойылған жоқ, олар «пайдақорлық» төңірегіне «топтасуда». Бірақ маскүнемдікпен, нашақорлықпен байланысты қылмыстардың көбіне өштесу, кек алу, көре алмау, қызғаныш сияқты сылтаулар бар. Бұлар тұрмыста жиі кездеседі. Бұл жерде олар пайдақорлық мән-жайлармен «шайылып» кетті. Дегенмен парақорлық ниет бірден көзге түседі. Криминологтардың айтуына қарағанда, кәмелетке толмағандардың қасақана кісі өлтіруінің 85%-ында пайдақорлық сылтау бар. Бұл барлық саланы қосып алғандағы көрсеткіш.

Кәмелетке толмағандардың экономика, жаңа нарықтық қатынас және кәсіпкерлік саласында жасаған кісі өлтіруі, әдетте топтасып жасалады, оны кәмелетке толмағандар ересектермен бірлесіп немесе солардың басшылығымен жасайды. Бұл кәмелетке толмағандардың кісі өлтірудегі барлық сылтаулары екі мақсатты көздейді: ақша және материалдық құндылықтарды иемденіп өз мұқтаждығын қанағаттандыруға ұмтылу және біреуге зорлық көрсетудегі мұқтаждығын қанағаттандыру. Олардың бұл бастапқы мақсаты қылмыстық-құқықтық тыйымды бұзуға нақты және саналы түрде бағытталған.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.А. Законопослушание и правопорядок основана на нашей стабильности // Казахст. Правда.-2002.-30

2. ҚР Қылмыстық кодексі , Алматы, 2015 ж.
3. ҚР Конституциясы, Алматы, 2015 ж.
4. Әбілезов Е.Т. Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстылықтың алдын алу // Сақшы.-2005.-10 мамыр.
5. Горяинов К. Латентная преступность в России.-М., 1993.-С.28.

ПРОБЛЕМЫ ТАЙНЫ УСЫНОВЛЕНИЯ (УДОЧЕРЕНИЯ)

Орынбасарова Агиис Талгаткызы

agiis.97@mail.ru

студент 1-го курса Юридического факультета ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Кожахметова С.Г.

Свою работу я посвятила теме тайны усыновления (удочерения) в Республике Казахстан. Данная тема на сегодняшний день очень актуальна. Забота о детях является одним из важнейших принципов нашего государства, закрепленный в действующей Конституции РК. Для того, чтобы данный принцип действовал, необходимо наличие механизмов его реализации, которые закреплены в нормах права.

Задача моей работы заключается в детальном раскрытии института тайного усыновления по семейному законодательству РК, а именно того, что представляет собой тайна усыновления, какие меры ответственности влечет за собой разглашение тайны усыновления и к чему может привести отмена тайны усыновления.

Усыновление (удочерение) – это правовая форма передачи ребенка (детей) на воспитание в семью на основании судебного решения, в результате которой возникают личные неимущественные и имущественные права и обязанности, приравняемые к правам и обязанностям родственников по происхождению [0].

Институт Усыновления (удочерения) необходим прежде всего для удовлетворения интересов несовершеннолетних. Данное положение закреплено в п.1 ст.84 Кодекса «О браке (супружестве) и семье». Благодаря усыновлению ребенок приобретает новую семью. Таково основное содержание усыновления, которому служат многие правовые нормы, регулирующие порядок, условия и правовые последствия этого акта, в том числе и ст. 102 Кодекса «О браке (супружестве) и семье», посвященная тайне усыновления (удочерения).

На обеспечение тайны усыновления направлены нормы закона, предусматривающие изменение фамилии, имени и отчества усыновленного(ст. 97 Кодекса «О браке и семье») и записи усыновителей в свидетельство о рождении в качестве родителей(ст.99 Кодекса «О браке и семье»). Также, для обеспечения тайны усыновления по просьбе усыновителя могут быть изменены дата рождения усыновленного ребенка, но не более чем на шесть месяцев, а также место его рождения. Законодательство РК предусматривает тайну усыновления в связи с тем, что это позволяет создать условия для воспитания усыновленного ребенка усыновителями, максимально приближенные к условиям воспитания родного ребенка его родителями.

Раскрытие тайны усыновления может привести к отрицательным последствиям, так как есть вероятность того, что психика несовершеннолетнего ребенка будет травмирована. В свою очередь это может привести к осложнению дальнейшего воспитания усыновленного ребенка усыновителями.

В связи с этим, семейное и уголовное законодательство предусматривают соблюдение тайны усыновления. Так, согласно ст.138 УК РК разглашение тайны усыновления (удочерения) вопреки воле усыновителя, совершенное лицом, обязанным хранить факт усыновления как служебную или профессиональную тайну, либо иным лицом из корыстных или иных низменных побуждений,- наказывается штрафом в размере до двухсот месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо